Электрондық оқу-әдістемелік кешендерінің дайындық деңгейіне талдау жүргізіліп, тізім бойынша барлық педагогикалық жүктемесі (қосымша 1) бар ЦӘК оқытушыларына оқу-әдістемелік кешендерін толықтыруға мерзім белгіленіп, талаптар қойылды.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және қашықтықтан оқыту технологияларын іске асыру үшін ақпараттық орталықтың материалдық-

техникалық жағдайына сараптама жасалынды, талдау жүргізілді. CD, DVD дискілеріне арналған оқу контентіне және желілік оқу мультимедиа контентіне талдау жүргізілді.

Оқытушы, оқу - көмекші құрам және техникалық персоналдың тиісті дайындықтан өтуіне сараптама жүргізіліп, сол дайындықты жоғарылату мақсатында колледждің әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен семинар-тренингтер өткізілді. Семинар-тренингтердің тақырыптары: «Электронды оқулықтар дайындау әдістемесі», «Арнайы пәндерден силабус құрастыру әдістемесі», «Тест тапсырмаларын құрастыру», баға қою, электрондық оқулықтарды енгізу бойынша және т.б.

Оқу жылының басында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес барлық мамандықтар бойынша қашықтықтан білім беру оқу жоспарлары жасалынып, бекітілді. Қашықтықтан білім беру технологиясының дидактикалық құралдарын әзірлеу жұмыстарына жоспар-тізбе дайындалып, бекітілді. Жоспардағы көрсетілген мерзімдері бойынша бақылау жүргізіліп, тиісті шаралар қабылданды.

Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес қашықтықтан оқитын академиялық топтарға оқу бөлімінің мамандарының күшімен сабақ кестелері кеңес беру (консультация) графиктері жасалынып бекітілді.

Қашықтықтан оқыту бөлімі бойынша бекітілген педагогикалық жүктемесіне сәйкес оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендерінің электронды нұсқалары талапқа сай дайындалып, әдістемелік орталыққа өткізілуі, оқу процесінің графигіне және оқу жоспарына сәйкес бақылауда болды.

Сыртқы бөлім бойынша оқу-әдістемелік кешендері электрондық нұсқасы жиналып, электрондық база жасалынды.

4. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ

2023-2024 оқу жылында Қаратау құрылыс-техникалық колледжі төмендегі бағыттарда жұмыс атқарды:

- Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету;
 - Кітапханаға жазылған білімгерлер мен оқытушыларға
 - Оқырмандар сұранысымен жұмыс жүргізу;
 - Оқырмандарға арналған әртүрлі іс - шаралар өткізу;
- 2.Оқырмандарға қызмет көрсету

Оқырман саны - 113
 Келушілер саны – 582
 Кітап беру саны –2624
 Мерзімді басылымдар беру саны – 89

Колледж әкімшілігі әр жартыжылдық сайын оқытушылар мен білімгерлерге қажетті мерзімді басылымдарға жазылып отырады, жазылу көрсеткіші төменде көрсетілген:
 2024 жылдың 1 - жартыжылдығы.

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Журналдар	7	6	1
Газеттер	14	12	2
Барлығы	21	18	3

2024 жылдың 2 - жартыжылдығы

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Журналдар	5	4	1
Газеттер	12	10	2
Барлығы	17	14	3

Колледж кітапханасының қоры қазіргі таңда 44350 дана кітапты құрайды.

Жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы пәндерге арналған оқу құралдары 1138

Жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы пәндерге арналған әдістемелік нұсқаулар саны -68

Кітапханадағы әдістемелік оқулықтардың жалпы саны – 2364 дана.

Жалпы білім беретін оқулықтар-4190

Арнайы пәндер – 27158

Энциклопедия мен сөздіктер – 480

Әдеби кітаптар – 4100

ПИР ден алынған кітаптар – 212

ПИР ден алынған электрондық плакаттар -15

Басқа қосымша кітаптар4 - 681

2023-2024 оқу жылында колледж кітапханасына келіп түскен кітаптар

саны дана (төмендегі таблица бойынша көрсетілген):

№	Оқу жылы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде	Электронды оқулық	Барлығы
1	2023-2024 оқу жылы	-	-	-	-	-

Колледж кітапханасы –кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар оқытушылармен тығыз байланыста болып, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып отырады.

Кітапханада 2023-2024 оқу жылына жасалған жоспарға сәйкес және жоспардан тыс іс-шаралар өткізілді. Мысалы: даталы күндерге, ақын – жазушылардың мерейтойларына, жаңадан келіп түскен әдебиеттерді насихаттау мақсатында кітап көрмелері, пікір сайыс, кітапхана сабақтары, дөңгелек үстелдер, оқырман конференциясы, әдеби – сазды кештер мен көрмелер ұйымдастырылды..

Өткізілген іс-шаралардың тақырыбы және мерзімі туралы ақпарат тіркелген.

5. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.

2023 – 2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары ҚР Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» кодексі, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410- V ҚР заңы, «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 345 бұйрығы қашықтан оқыту бойынша негізге және басшылыққа алынып, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының нұсқау - хаттары мен ережелерінің негізінде төмендегі бағыттары бойынша жүзеге асырылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдықпен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. жақсылыққа, игілікке бойтүзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Колледж миссиясы: Құрылыс-техникалық саласында кәсіби білім беру бағытында жоғары білімді бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау.

Тәрбие жұмысының мақсаты: қазақ патриотизмі, азаматтығы, адамгершілік және жалпыазаматтық құндылықтар идеясы негізінде студенттердің жеке қасиеттерін, тәрбиесін қалыптастыру, жалпы даму жолымен колледждің бәсекеге қабілеттігін арттыру.

Міндеттері:

- ✓ Тәрбиені денсаулық сақтау технологиясымен қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын бекіту, студенттерді өз қылығына, отбасылық өмірге жауапкершілікпен қарауды дайындығын қамтамасыз ету, өнер, қоршаған орта, қоғамдық – пайдалы іс әрекеттер арқылы жалпы адамдық қасиеттерді дамыту;
- ✓ Колледж студенттерінің өзін - өзі басқару органдары (жастар комитеті және студенттер кеңесі) іс - әрекетінде шынайы мүмкіндік жолымен Республикамыздың қоғамдық – саяси өміріне қатысу қажеттігін қалыптастыру.
- ✓ Саяси мәдениет пен отансүйгіштікке, ұлттық азаматтық көзқарасқа тәрбиелеу;
- ✓ Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы тәрбиесінің бір бөлігі болып табылатын адамгершілік-жыныстық тәрбиені жетілдіру;
- ✓ Студенттердің танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ✓ Студенттердың тұлға дамуының негізі болатын ой - сана және денсаулығын қалыптастыру;
- ✓ Отанға деген сүйіспеншілік, оның тағдырына жауапкершілік, өз елінің тарихы мен мәдениетін және әлемдік қауымдастық мәселесін ұғынуға талпынысын тәрбиелеу;
- ✓ Нарықтық қатынас жүйесінде студенттерге бағыт – бағдар беру және өз бетімен өзіндік іс - әрекет ету қасиетін дамыту
- ✓ Кәсіби іс - әрекетке дайындығын, осы орайда өзінің келешегін жоспарлау қабілетін қалыптастыру;
- ✓ 10.Тәрбие үрдісінде мониторингтік зерттеу қорытындысын қолдану
- ✓ 11.Жоғары кәсіби мәдениетті қалыптастыру, іс- шараларды дұрыс ұйымдасдастыру мен жоспарлауға тәрбиелеу;
- ✓ 12.Тәрбие жұмысы бағыттарын негіз ретінде ала отырып клубтар, секциялар, кеңестер т.б жолдар арқылы жүзеге асыру;
- ✓ 13. Ата – аналармен жұмысты жандандыру, ата –аналар комитеті мен қамқоршылық кеңес жұмыстарын ұйымдастыру.

2023-2024 оқу жылында тәрбие субъектілерінен 24 топ жетекшісі, педагог-психолог, жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы, кітапханашы және түрлі үйірме жетекшілері жұмыс атқарды.

Оқу жылында барлық топ білім алушылары мен тәрбиеленушілері өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған тәрбиелік шараларына белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Колледжде тәрбие жұмысын ұйымдастыру Қазақстандық элитаға кіруге мүмкіндігі мол, сонымен қатар нақты кәсіби салада бәсекеге қабілетті әлеуетті тұлғаларды қалыптастыруға бағытталған.

Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін ұйымдастыру сәйкесінше нормативтік-құқықтық базасы жасақталған. Жалпы колледжішілік тәрбие жұмысы жоспарындағы іс шараларды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының, халықаралық, әлемдік бекітілген мерекелік және атаулы күндерді, сонымен қатар колледждің дәстүрлі іс-шараларын, қала, аудан, облыс, республика, әлемнің әлеуметтік және саяси жаңалықтар мен фактілерді ескере отырып, тәрбие жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Оның мазмұны, ұйымдастыру формалары мен әдістері үнемі толықтырылып, жоспар бойынша тәрбие жұмысы төмендегідей бағыттарға негізделіп, іске асырылады. Атап айтсақ:

- Колледждегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру ережесі және жұмыс жоспары
- Топ жетекшілер кеңесінің ережесі және жұмыс жоспары;
- Жатақхана студенттері жөніндегі ережелер және іс-шаралар жоспары;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары;
- -Үйірме жұмыстары бойынша жұмыс жоспары жүргізілді.

5.1. 2023-2024 оқу жылдары оқыту кезеңінде жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстарының орындалуы

Колледжде 2023-2024 оқу жылы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие концепциясында көрсетілген тәрбиенің негізгі бағыттарына негізделіп жүргізілді. Тәрбиелік

шаралар әртүрлі форматта жоспарланып, тәрбие жұмысының бағыттары бойынша төмендегідей тақырыптық тәрбие сағаттары өтілді.

1. ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы

2. ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

3. ҚАРАША – Поэзия айы

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

4. ЖЕЛТОҚСАН – «Қазақстан - ұлы дала елі»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

5. ҚАҢТАР – Ұлттық код айы. Қысқы демалыс

6. АҚПАҢ – Оқуға құштарлық айы

7. НАУРЫЗ – Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы

➤ 1 наурыз – Алғыс айту күні

➤ 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

➤ 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

➤ 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

8. СӘУІР– Экологиялық мәдениет айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

9. МАМЫР – Бейбітшілік пен татулық айы

➤ 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

➤ 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

➤ 9 мамыр-Жеңіс күні

➤ 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

➤ Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл.

10. МАУСЫМ – ТҮЛЕКТЕРМЕН ҚОШТАСУ айы

➤ 04 маусым – ҚР Мемлекеттік рәміздері күні

➤ 17 маусым – Құрбан Айт күні

2023-2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығында жоспарланған ашық тәрбие сағаттардың орындалуы:

Жалпы жоспарлы 1- семестрде -8, 2- семестрде-16 ашық тәрбие сағаты өткізілді.

5.2. 2023-2024 оқу жылындағы білімгерлер контингенті бойынша әлеуметтік тұрмысы төмен, мүгедек және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлер тобымен жұмыс.

2023 – 2024 оқу жылындағы білімгерлер контингенті бойынша

Р/с	2023 – 2024 оқу жылы	I жарты жылдығында білімгер саны	II жарты жылдығында білімгер саны
1	Білімгерлер контингенті	373	345
2	Ұлдар саны	240	225
3	Қыздар саны	133	120
4	тұл жетімдер	17	15
5	Көпбалалы отбасынан шыққан білімгерлер	129	129
6	Аз қамтылған отбасынан шыққан білімгерлер	59	59
7	Мүгедек білімгерлер	4	4
8	Толық емес отбасынан шыққан білімгерлер	93	54
9	Әкесімен тұратындар	13	13
10	Шешесімен тұратындар		1
11	Жеке пәтерде тұратындар	-	-
12	Кәмелеттік жасқа толмағандар	265	195
13	Кәмелеттік жасқа толғаны	108	150
14	Сырттан келген білімгерлер	51	88
15	Жатақханада тұрып жатқан білімгерлер	20	22

Әлеуметтік – педагогтың мақсаты - білімгерлердің әлеуметтік-психопедагогикалық ерекшеліктерін тексеріп және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын, қажеттілігі мен қызығушылығын байқап, қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулар кезеңінде тез арада көмек және қолдау көрсету. Сондай-ақ оқытушылармен, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен жұмыс жасау болып табылады.

Жалпы айтқанда, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлерді анықтау және жұмыс жүргізу, түрлі дәстүрлі емес діни ағымдағы студенттерді анықтау және жұмыс жүргізу, девианттық мінез-құлықты білімгерлерді анықтау және сол білімгерлермен жұмыс жүргізу,

1-курс білімгерлерінің колледж өміріне бейімделуі, дарынды білімгерлермен жұмыс, т.с.с. жұмыстар атқарылып келеді.

2023 – 2024 оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жекеленген жылдық жұмыс жоспары жасалынып бекітілген, сол жоспарлар бойынша жұмыс атқарылып келеді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында ыстық тамаққа қажетті құжаттарды жинау.

2023-2024 оқу жылының қазан айында әлеуметтік психологиялық орталық тарапынан Республика күніне орай «Мен Отанымды сүйемін» атты сурет салу байқауы өткізілді. 18 студент қамтылды.

2023-2024 оқу жылының қараша айында «Менің құқықтарым» тақырыбында білім алушылар арасында викториналық сайыс өткізілді. 20 студент қамтылды.

2023-2024 оқу жылының желтоқсан айында «Мейірімді жүрек» атты қайырымдылық акциясы өтті. Қайырымдылық әлеуметтік жағдайы төмен екі студентті қамтыды.

2023-2024 оқу жылының ақпан айында «Жақсылық жасау парызың» акциясы дәстүрлі түрде жалғасып келеді, мұқтаж отбасыға көмек қолын созып, азық-түлікпен көмек көрсетілді.

2023-2024 оқу жылының ақпан айында жатақхана студенттерімен «Студенттік өмір» атты жарыс өткізілді.

2023-2024 оқу жылының наурыз айында «Наурыз-Мерекем, Наурыз-Берекем» атты, қайырымдылық іс-шарасы өтілді.

2023-2024 оқу жылының мамыр айында «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында кездесу өткізілді. Іс - шараға облыстық колледж чемпионатына келген қонақтар қатысты, студенттер мен қонақтар арасында мамандық бойынша түрлі сұрақтар қойылып, қызу пікір талас жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының маусым айында колледждің ерекше студенттеріне арналған еркін форматта ашық әңгімелесу өтті. Кездесу соңында студенттерге ерекше көңіл – күй сыйлау мақсатында балмұздақтар мен бауырсақтар таратылды.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында оқып жатқан студенттердің және аз қамтылған отбасынан шыққан оқитындардың ыстық тамақ және басқада жәрдемақылардың қамтылуы

бойынша:

Күндізгі бөлімде оқитын бюджет топтары бойынша 399 білімгердің 126 білімгері тиісті құжаттар тапсырды. 89 студент бюджет топтары, ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ пен қамтылған студенттер саны 250. Оның ішінде жұмысшы мамандығы, нәтижелі топтары құжат тапсырмайды автоматты түрде алады.

Төмендегі аты аталған күндізгі бөлімнің 1305 «Ақпараттық жүйелер», 1401 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0902 «Электроснабжение», 0713 «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 0716 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 0816 «Химия технология және өндіріс», 0613 «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитын бірінші, екінші, үшінші және төртінші курс білімгерлеріне әлеуметтік тұрмыстық жағдайы ескеріліп, 2023-2024 оқу жылына ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

Ыстық тамаққа бөлінген 1 күндік қаражат

1	Жетімдер	1398 теңге
2	Қамқоршысы барлар	559 теңге
3	Ыстық тамақпен қамтамасыз ету білімгерлер саны	250

№	Бағдарлама атауы	2023-2024 оқу жылының I жылдық бөлінген қаражат										Жалпы 2023-2024 оқу жылы	
												Бөлінген қаржы	Бала саны
		09	10	11	12	01	02	03	04	05	06		
1	Ыстық тамақ	26341, 0 мың теңге										26341,0	250
2	Тұл жетімдер	1699,0 мың теңге										1699,0	11

2023-2024 оқу жылында колледжде 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 399 студент білім алады, барлығы шәкірт ақы және ыстық тамаққа бөлінетін қаржы алады.

2024 жылдың қыркүйек айында аз қамтылған отбасынан шыққан 49 студент, көп балалы отбасынан шыққан 135 студент, тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлер саны: 11 білімгердің бір мезгіл ыстық тамаққа бөлінетін қаржы жеке шотына аударылып тұрады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің саны 11. Тұл жетім жоқ. Оларға жылына берілетін бір реттік жәрдемақы (киім-кешекке) беріледі. Кәмілет жасқа толмаған 4 студент бар. Еркінбек Аян Қаратау қаласында қамқоршысы нағашы апасы мен тұрады. Әбітай Инабат қамқоршысы нағашы апкесі Шу қаласында тұрады. Бірақ Қаратау қаласында нағашы ағасымен тұрады. Ухтикова Ирина Қаратау қаласында қамқоршысы апасымен тұрады. Тұрғанбек Асылжан Қаратау қаласында қамқоршысы нағашы ағасы мен тұрады. Жағдайлары жақсы. Үйіне барып тұрмыс жағдайымен танысып қайттым, тұрмыс жағдайлары жақсы.

5.3. «Қыздар -ай» қыздар кеңесінің жұмысы

«Қыздар-ай» қыздар кеңесінің мақсаты: Колледждегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.

Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, мәдинеттілікке үйрету ескеріледі.

Колледждегі қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.«Қыздар-ай» қыздар кеңесінің құрамы:

Жубатова Гулфайруз Убайдуллаевна – оқытушы, кеңес төрайымы.

Мүшелері:

Салыбекова Жанат

педагог-психолог

Абдулда Жанбота Ерболқызы

0613-21-96 тобының білімгері

Айып Айша Ұланқызы
Мейрамбекқызы Айдана
Камал Нурсулу Тимурқызы

0613-21-96 тобының білімгері
1305-20-96 тобының білімгері
1305-20-96 тобының білімгері

Жалпы қыздар саны: 140 оқушы

Оның ішінде кәмелетке толмағандар саны: 89 қыз

«Қыздар -ай» қыздар кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспары бекітілген.

Осы жоспар бойынша жұмыс жүргізіледі.

Жоспар бойынша айына 1 рет қыздар жиналысы өткізіледі.

Қыркүйек айының колледжге жаңа түскен студент қыздармен танысу, «Тазалық, тәртіп- басты талап » атты қыздардың жеке бас гигиенасы туралы және «Ерте жүктіліктің алдын –алу » шаралары бойынша жиналыс өткізілді. Жиналысқа Талас аудандық орталық ауруханасының акушер – гинекологтары қыздарға ақыл-кеңестерін берді. Әр жүргізілген жиналыс колледждің әлеуметтік парақшасына салынып отырады.

Қазан айында қыздардың бойында әдептілік қасиеттерді тәрбиелеу мақсатында жиналыс өткізілді. Онда «Қыздар қандай болуы керек? деген сұрақтарға жауап беріліп, «Қыздарға арналған 40 кеңес» тақырыбында баяндама оқылды.

Қараша айында «Ерте отбасы құрудың оңы мен солы» және «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында Талас аудандық орталық емханасының акушер гинекологымен кездесу , ал 26 күні «Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі асыл жар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Желтоқсан айында «Қыз сұлуы қылығында, ақылы мен даналығында» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді.

Қаңтар айында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында Талас аудандық орталық емханасының акушер гинекологы Найманбай Гүлданамен кездесу өткізілді.

Ақпан айында «Салауатты өмір салтымыз» тақырыбында жиналыс өткізіліп, колледж медбикесі қыз баланың гигиенасы туралы кең мағлұмат берді.

Наурыз айында колледждің қыз балалары арасында «Қыз өссе-елдің көркі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Наурыз айында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында Талас

аудандық орталық емханасының акушер гинекологтарымен кездесу өткізілді.

Сәуір айында колледж қыздарымен «Ішімдік ішу,шылым шегу,нашақорлық» тақырыбында колледж медбикесі Н.Абдикаримова баяндама жасады.

Мамыр айында колледж медбикесі Н.Абдикаримова «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Қыз баланың жеке гигиенасы »тақырыптары бойынша статистикалық мәліметтерді баяндап, колледж психологы «Ерте жүктілік немен қауіпті?»деген сауал төңірегінде ой қозғап,клуб жетекшісі Г.Жубатова «Ерте жүктілік себептері мен салдары »атты арнайы бейнеролик көрсетіп, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша кеңес берді.

5.4. Дене шынықтыру мен спортты дамыту, үйірмелер.

Оқу жылының басында жастар арасында бұқаралық спортты дамыту және білімгерлердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында білімгерлердің түрлі спорттық секцияларға қатысуын қамтамасыз ету үшін әр топ жетекшілер тарапынан қатысатын білімгерлердің тізімі анықталып бекітуге ұсынылады.

Жастар арасында бұқаралық спортты дамыту мақсатында спорттың 6 түрінен (футбол, волейбол , жеңіл атлетика , үстел теннисі, баскетбол ,тоғызқұмалақ) секциялар жұмыс жүргізіледі және білімгерлердің бос уақытын тиімді өткізу барысында клубтар мен 8 пәндік үйірмелер жұмыс жүргізіліп оған 65-70% білімгер тартылды. Атап айтсақ: «Құқық мектебі», «Парасат майданы» дебат клубы, «Саналы ұрпақ» ұйымы, «Мейірімді жүрек» т.б. үйірмелері.

Осы аталған клубтар мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуінің арқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде.

Білімгерлердің бос уақытын ұйымдастырылуы (колледждегі немесе колледжден тыс үйірме, спорттық секцияларға тартылғандар саны).


№	Жалпы колледж студентт	Соның ішінде спорт	Спорт клубтары ның	футбо л	волей бол	бокс	қазақ ша күрес	шахм аты	жән е т.б.	%
---	------------------------	--------------------	--------------------	---------	-----------	------	----------------	----------	------------	---

	ер саны	секциясы на қатысаты ндар саны	жалпы саны							
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
2022- 2023 оқу жылы	349	306	6	40	65	15	18	22	146	85%
2023- 2024оқу жылы	370	340	6	67	44	26	39	38	126	85%

Р/с	Білімгерлердің бос уақытының ұйымдастырылуы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023оқу жылы	2023-2024оқу жылы
1	Спорт секциясы	394	306	340
2	Колледжден тыс спорт секциясы	28	31	50
3	Пәндік үйірме	110	96	115
4	Би үйірмесі	12	12	16
5	Бос білімгерлер	48	57	30
Жалпы		592	502	551

2023-2024 оқу жылы өткізілетін спорт секцияларының жүргізілуі

Р/с	Спорт секция түрі	саны	Өткізілетін орны	Жауапты
1	Футбол	20	КГТК спорт залы	Б. Айжанов
2	Волейбол	20	КГТКспорт залы	Б. Айжанов
3	Жеңіл атлетика	20	КГТК спорт залы	Б. Айжанов
4	Үстел теннисі	20	Хореография және ритмика залы	С. Жумабек
5	Баскетбол	20	КГТК спорт залы	С.Жумабек
6	Тоғызқұмалақ	20	Оқытушылар бөлмесі	С. Жумабек
Спорт секциясына барлығы		120		
7	Колледжден тыс спорттық секцияларға қатысатын білімгерлер	126		
Жалпы				



р/с	Жарыстың атауы	Қалалық жетістіктер	Жарыс түрі	Жарыстың өтілген уақыты	Орын
1	Бизнес колледждің ұйымдастырылуымен Тәуелсіздік күніне орай мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасында волейболдан жарыс	Қалалық	волейбол	14.12.2023	-
2	9-сынып оқушылары арасында ұлттық ойындар	Қалалық	Асық ату	22.03.2023	-

р/с	Жарыстың атауы	Аудандық жетістіктер	Жарыс түрі	Жарыстың өтілген уақыты	Орын
1	Халықаралық туризм күні мерекесіне орай «Жүріндісай» сақуықтыру лагері	Аудан	Эстафеталық ойындар	27.09.2023	1-орын
	ҚР Мемлекеттік жастар саясатын, «Әулиеата жастары» өңірлік бағдарламасын іске асыру, Талас ауданына 95 жыл толуына орай жастар арасында есірткі мен нашақорлықтың алдын алу мақсатында өткізілген «Нашақорлықсыз тәуелсіз өмір сүр» атты спартакиада Футбол	Аудан	спартакиада	01.10.2023	2-орын Жалпы командалық есепте 3-орын футбол
2	Республика күніне орай мектеп оқушылары мен студенттері арасында волейболдан	Аудан	волейбол	01.11.2023	-
3	Дені сау ұрпақ-жарқын болашақ кепілі	Аудан	футбол	05.08.2023	2-орын
4	Спорт денсаулық кепілі атты ұранмен Талас ауданының	Аудан	Үстел теннисі	10.02.2024	2-орын.

	студенттер және колледж мұғалімдері арасында үстел теннисінен ерлер және қыздар арасында жарыс				3-орын.
5	«1-наурыз Алғыс айту» күніне орай жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттай отырып, ұлттық ойындарды дәріптеу және бұқаралық спорт түрлерін дамыту мақсатында «Қазақстан туған елім» тақырыбында аудан жастар	Аудан	Арқан тарту Ләңгі тебу Гир көтеру	29.02.2024	-----
6	«1-наурыз Алғыс айту» мерекесіне орай Волейболдан мектеп оқушылары мен студенттер арасында аудандық турнирі	Аудан	Волейбол	01.03.2024	Алғыс хатымен марапатталды

р/с	Жарыстың атауы	Облыстық жетістіктер	Жарыс түрі	Жарыстың өтілген уақыты	Орын
1	Қазақстан Республика күніне орай ҚР Тұңғыш президенті Елбасы, Жамбыл облысы ашық турнирі	облыстық	60м, ұзындыққа секіру, пресс, кросс, турник	23-24.10.2023	1-орын Бадамбаева В
2	Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына орай “Техникалық және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының студенттері арасында облыстық ұлттық колледж лигасы”	облыстық	Баскетбол	13.06.2024	3-орын Қыздар баскетбол командасы

р/с	Жарыстың атауы	Колледж жетістіктер	Жарыс түрі	Жарыстың өтілген уақыты	Орын
1	Денсаулық күні	колледж	Таңертенгілік жаттығу	07.09.2023	
2	Сергіту сәті	колледж	Сергіту жаттығуы	08.09.2023	
3	Республика күніне орай «Ұлттық құндылық ел болашағы»	колледж	Ер балалар арасында футбол	20.10.2023	1-орын. 1305-20-96 2-орын. 0713-23-96 3-орын. 0713-21-96
	Спорт шебері, аға жаттықтырушысы Қыдырбеков	колледж	кездесу	18.10.2023	-

	Абдыманаппен студенттермен кездесуі				
4	Сыныптан тыс іс-шара	колледж	волейбол	07.11.2023	1-орын. 0713-23-96 2-орын. 0711-23-96 3-орын. 0613-23-96
5	Техникалық мамандықтар бойынша оқу бөлімінің 1-4 курс арасында спартакиада	колледж	Волейбол Футбол Баскетбол Үстел теннисі	14.11- 23.11.2023	-
6	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 32 жыл толуына орай I-курс студенттері арасында эстафеталық ойындар	колледж	Эстафеталық ойындар	19.12.2023	1-орын. 0713-23-96 2-орын. 1013-23-96 3-орын. 0716-23-96
7	Қаратау Құрылыс-техникалық колледжінің қызметкерлері мен оқытушалар арасында XIII қысқы «Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл» атты спорттық жарыс	колледж	Волейбол Пневматикалық мылтық Арқан аарту Ләңгі Эстафета	23- 25.01.2024	1-орын. Әкімшілік тобы 2-орын. Достық тобы 3-орын. Игілік тобы 4-орын. Шеберлер тобы
8	Колледжіміздің 60 жылдығына орай және кәсіби бағдар беру жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында Қаратау қаласында орналасқан мектептердің 9-10 сынып оқушылары арасында эстафеталық жарыс	колледж	✓Допты кедергілер арқылы алып жүру" ✓"Дөңгелекті дөңгелетіп алып жүру"; ✓"Секіртпемен секіру"; ✓"Калашников автоматын бөлшектеу және жинау"; ✓"Пневматикалық мылтық ату"; ✓"Ләңгі ойыны"; ✓"Асық ату", ✓"Арқан тарту	19.01.2024	Бас жүлде. С.Сейфуллин атындағы орта мектебі 1-орын. №1 Мектеп лицей мектебі 2-орын. Мектеп лицей мектебі 3-орын. А.Байтұрсынұлы атындағы гимназия
9	“ЖАНҰЯ ҚАМҚОРЫМ - АТА-АНА ТІРЕГІМ!” атты студенттер мен ата-аналарының арасында отбасылық сайыс	колледж	Волейбол	10.04.2024	1-орын. 0613-23-96 Бірлік тобы 2-орын. 0713-23-96 Қыран тобы 3-орын. 1013-23-96 Арыстан тобы

**Білімгерлердің сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру
2023-2024 оқу жылындағы үйірмелер(пәндік) жұмысының кестесі**

Р/с	Үйірменің аты	Жетекшісі	Апта күні	Уақыты	Орны	Білімгер саны
1	Жас физик	Қазыбай И	Сәрсенбі	16.00-16.45	104	10
2	Жас ағылшын	Қылышбекова	Сейсенбі	16.00-16.45	115	10
3	Жас информатик	Серикова А	Сейсенбі	16.00-16.45	318	10
4	Жас сәулетші	Қамысбаев Е	Сәрсенбі	16.00-16.45	409	10
5	Жас химик	Жубатова Г	Дүйсенбі	15.30-16.30	105	10
6	Интересный мир русского языка	Таңатарова Б	Бейсенбі	16.00-16.45	120	10
7	Энергетика	Утепбаев А	Сәрсенбі	16.00-16.45	308	23
8	Жас техник -механик	Қырғызбаев М	Сейсенбі	16.00-16.45	412	10
9	Жас электромонтаждаушы	Мұсақызы Г	Бейсенбі	16.00-16.45	317	10
10	Жас слесарь	Мәселбек Ж	Сәрсенбі	15-30-16-30	312	10
11	Жас дәнекерлеуші	Арынбаев Б	Сәрсенбі	15-30-16-30		10
12	Шарлотка	Байбекова Ж	Сәрсенбі	15-30-16-30	313	9
13	Жас техник	Шымырбекова А	Дүйсенбі	16.00-16.30	414	10

5.5.Колледж жатақхана кеңесінің жұмысы

Қаратау құрылыс-техникалық колледжінде әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан білімгерлерді тұратын орынмен қамтамасыз ету мақсатында 35 орынға арналған жатақхана жұмыс істеп тұр. Жатақхана колледж ғимаратында орналасқан. Білімгерлер үшін барлық жағдай жасалған. Тәртіпке сай сабаққа дайындалуға арналған оқу залы, ас әзірлеуге және тамақтануға арналған, тоңазытқыш, плита пештермен жабдықталған ас үйі, жуынатын бөлме, теледидары бар демалатын орынмен қамтамасыз етілген. Айына екі рет төсек-жабдықтары ауыстырылып тұрады.

Колледж әкімшілігі тарапынан ай сайын арнайы бекітілген кестеге сай күнделікті кешкісін 19.00 – 22.00 аралығында кезекші оқытушылар оқу залында білімгерлермен бірге болып, олардың сабаққа дайындықтарын қадағалайды. Тәрбие бөлімі және топ жетекшілер тарапынан бірлескен қоғамдық – мәдени іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады.

2023-2024 оқу жылында колледж жатақханасына 10 студент өтініш жазып орыналасты. Оның ішінде 1 қыз бала, 9 ер бала.

Жатақханада кәмелеттік жасқа толмаған білімгерлер саны: 4

Кәмелеттік жасқа толған білімгерлер саны: 6

2023-2024 оқу жылының екінші жарты жылдығында жатақханада 8 студент тұрып жатыр. 7 ер бала, 1 қыз.

Жатақханадағы шаруашық жұмыстарын комендант, тәртіпті қадағалау жұмыстары бойынша вахтершілер жұмыс атқарады.

Білімгерлерге жан-жақты әлеуметтік тұрмыс жағдайы жасалған.

Колледж жатақханасы қоғамдық жататын орын болғандықтан оған өте көп көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, жатақхана демалыс орнын, асханасын, жуынатын бөлмесін санитарлық – гигиеналық талаптарына сай жабдықтылып, жатақхана іші, сырты және бөлмелердің тазалығын, мүліктердің сақталуын және төсек-жабдықтарының уақытылы ауыстырылып отыруын үнемі қадағалау жолға қойылған.

Қысқы және жазғы демалыс кезеңдерінде бөлмелерді ағымдық жөндеуден өткізу және жатақхана бөлмелерін жылу беру кезеңіне дайындау колледж тарапынан жүргізіліп отырды.

Жыл басында тәрбие жұмысының жоспары бекітіліп, білімгерлер кеңесі сайланып, білімгерлер жатақхана және колледждің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды.

Жатақханадағы білімгерлер бос уақыттарында жоспарланған әр түрлі іс-шараларға қатысып отырады. Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстар жатақханада өз деңгейінде жүріп отырады.

Әлеуметтік -педагогтың ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес кеңес отырысы жүргізіліп, оқу залы ағымдағы басылымдар және кітаптармен толықтырылып отырды.

Білімгерлерге демалып, сабақ даярлау үшін барлық жағдай жасалынған. Жатақхана білімгерлері үнемі қоғамдық іс-шараларға тартылып отырады.

Жатақхана білімгерлеріне 2023-2024 жылдың қыркүйек – желтоқсан айы аралығында кезекшілік мұғалімдер тарапынан үнемі азық-түлікпен қайырымдылық жасалып тұрады.

5.6. Жастар ісі жөніндегі комитетінің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмысы

Қазақстан болашағы – жастар. Жастар - өткен заманның айнасы, келешектің нысаны. Жастарға қарап біз алдымыздағы болашақты болжаймыз.

Қазіргі кезде жастарды тәрбиелеу ең күрделі әлеуметтік мәселе қатарына жатады. Себебі біліктілігі жоғары мамандар дайындау дегеніміз - оқуды ғана жақсы жолға қою емес, сонымен қатар тәрбие жұмыстарын да дұрыс ұйымдастыру, білімгерлердің өз күштерін іске асыруына мүмкіндік беру және де бос уақыттарын тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

Осыған байланысты біздің колледжімізде білімгерлердің сабақтан тыс уақытын тиімді және жан-жақты ұйымдастыру мақсатында клубтар мен үйірмелер және спорттың түрлерінен секциялар жұмыс жүргізеді. Бұл үйірмелер мен секцияларға колледж білімгерлерінің 60-65 пайызы тартылған.

Осы клубтар мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуінің арқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде.

Қаратау құрылыс-техникалық колледжі жастар ісі жөніндегі комитетінің 2023-2024 оқу жылының жарты жылдағы атқарған жұмыстарында жалпы 68 іс-шара өтіліп қамтылды.

Қорыта айтқанда, жастар ісі бойынша жоспарға сай екінші жарты жылдықта да бекітілген іс-шаралардың барлығы атқарылды. Сонымен қатар, жоспардан тыс аудан көлеміндегі «Жастар ресурстық орталығы» ұйымдастырған іс-шараларға колледждің «Студенттік парламент» ұйымы үнемі қатысып отырды. «Жасыл ел» қоғамдық жұмысы бойынша жасақ құрылып, ағым бойы колледждің 1-4 курс студенттері сабақтан тыс уақыттарында ақылы жұмыс істеді. Жоспарға сәйкес жыл бойына 20 іс-шара, жоспардан тыс 3 іс-шара, жалпы алғанда 23 іс-шара өткізілді. Былт Қаңтар-маусым айлары аралығында көше мен қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстардың, сондай ақ адам өмірі мен денсаулығына қол

сұғушылықтың алдын алу бағытында аудан әкімдігінің бөлімдері мен құқық қорғау органдары қызметкерлері бірлескен топ құрылып, түнгі 21:00 – 00:00 аралығында рейдтік іс шаралар ұйымдастырылды. Жалпы 59 рейд жұмыстары ұйымдастырылды. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда іс-шаралар саны 11% артты. Әрбір өткізілген іс-шаралардың суреттері мен ақпараттары колледждің әлеуметтік желісіне салынып отырды.

5.7.Дебат клубының жұмысы

Оқу жылының басында Дебат клубының жоспары бекітіліп, мақсаттары қойылды. Бұл клубтың басты мақсаты: білімгерлердің интеллектуалдық деңгейін көтеру, саяси мәдениет, саяси сана деңгейін көтеру, өз ойларын еркін айтуға баулу, логикалық ойлау қабілетін, шешендік өнерін дамыту 2023-2024 оқу жылында дебат клубының жұмысына негізінен 1-2 курс білімгерлері қатысты. Өткен жылдарға қарағанда клубқа қатысатын білімгерлердің ой-өрісі, тіл өнері сәл төмендеген. Биылғы оқу жылының бірінші жарты жылдықта 1 рет, екінші жарты жылдығында 2 рет дебат ойындары өткізілді.

5.8.Қамқоршылық кеңесі жұмысының орындалуы

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесі жұмысы ұйымдастырылған. 2023-2024 оқу жылына жоспарланған жоспар бойынша барлық қабылданған іс-шаралар мәжіліс отырыстары өтілді. Кеңес отырысында қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту және кеңес мүшелері арасында өзара міндеттерді бөлу

Мамандықтар бойынша оқу шеберханалары мен зертханалардың құрал-жабдықтармен қамтылуы және оқу үрдісінде қолданылуы, колледж инспекторының жұмысы, «Жас маман» жобасын іске асыруда қабылданған іс-шаралардың орындалу барысы, оқу орнының материалдық базасын нығайту бойынша бюджеттік және ақылы негізде бөлінген қаржыландыру, дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы және студенттердің оқу өндірістік іс- тәжірибелерін өткізуде әлеуметтік серіктестерімен жасалған келісім шарттардың орындалуы, құқықтық тәрбие

және тәртіп бұзушылықтың алдын алуда атқарылған жұмыстары сияқты кеңес отырыстарында сұрақтар қамтылып талқыланды.

6.«ЖАСЫЛ ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ЕҢБЕК СЕМЕСТРІ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР.

6.1. «ЖАСЫЛ ЕЛ» бағдарламасы

Қаратау құрылыс – техникалық колледжінің білімгерлері жасыл ел бағдарламасы бойынша қазан, қараша, сәуір, мамыр айларында 9 білімгер жұмыс жасап ай сайын жалақысын алып отырды.

№	2021-2022 оқу жылы	2022-2023	2023-2024
1	19 студент / Жасыл ел/	11 студент	12 студент

7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУДІ НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС – ШАРАЛАР.

ҚР-ның «Тіл туралы заңының» орындалуы колледждің жылдық жоспарына енгізілген. «Тіл туралы заңның» орындалу барысында іс қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуі, жаңа технологияны қолдана отырып, тілдерді оқыту барысында сапалы нәтиже көрсету, дарынды студенттердің шығармаларын колледжішілік, аудандық, облыстық газеттерге жариялау, баспа сөз беттерінде жарық көрген жаңа заң, мақалалармен танысып, әдістеме кеңесінде жариялау, ақын-жазушылардың мерейтойларын атап өту, ай сайын колледжде кітап көрмесін ұйымдастыру, тіл мамандарының уақытылы курстардан өтуі, колледж әкімшілігі мен бірлесе отырып қоғамдық жұмыстар жүргізу т.б. Колледждегі мәдени шаралар мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүргізіледі. Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі талабы білім сапасын арттыру болып табылады. Ал білім сапасын көтеру-студенттің білімін жоғары деңгейге көтеру осы мақсаттарды алға қоя отырып, жаңа технологиялардың қолданылуын, тәжірибе алмасу, тіл мамандарының күнделікті жұмыстары болып табылады. Колледждің жұмыс жоспарында тіл мәртебесін көтеру саласында көптеген іс-шаралар жоспарланған. Тілдер мерекесінің онкүндігіне байланысты 10 іс-шара

жоғары деңгейде өтілді.

Тіл мамандары тарапынан қазақ тілі саласына байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалары жарық көрді.

8. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОҚУ - ӨНДІРІСТІК ІС – ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ.

Қазіргі таңда, колледжде 52 жалпы білім беретін және арнайы пән оқу кабинеттері, 10 зертхана, 13 шеберхана, сонымен қатар құрылыс мамандықтарына арналған «Ресурстық орталық» жұмыс жасайды

Шеберханалардың материалдық-техникалық базасы талапқа сай жасақталған. 600-ге тарта қондырғы, құрал-жабдықтар, приборлар мен станоктардың ішінде 65% заманауи болып саналады, яғни 8 шеберхана, 9 зертхана заманауи қондырғылармен жабдықталған.

Шеберлердің жұмыс жоспарлары, паспортизациялары мен өткізу-қабылдау актілері бекітілген. Сонымен қатар, барлық зертханаларда өткізілетін зертханалық жұмыстарға студенттерді жіберу жөніндегі ТҚ журналдары арналып, беттеліп, түптеліп, арнайы қолмен, мөрмен рәсімделіп қойылған. Барлық оқу кабинеттері мен оқыту шеберханаларында ТҚ ережесі мен мүліктер тізбесі жасалынып, бекітілген.

8.1. ОҚУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН МЕКЕМЕЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ

Студенттердің іс-тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруда оқу процесінің кестесіне сәйкес, оқу-танысу тәжірибелерінің бірінші бөлігі колледжбен 3-жақты келісім-шартқа отырған мекемелердің құрылымдары, өндіріс алаңдары мен нысандарының механикалық цехтарының, техникалық қызмет көрсету орталықтарының жұмыстары таныстырылса, тәжірибенің екінші бөлімінде мамандықтар бойынша алынған заманауи қондырғыларды орналастыруда, іске қосуда жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырылды.

Студенттердің іс-тәжірибелік дағдыларын арттыруда оқу зертханалары мен шеберханалардың жабдыкталуына келетін болсақ, дуальды оқыту бойынша 07150500- «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша, ал дәстүрлі оқыту мамандықтарынан 07150600-«Слесарлық іс» және 07110100-

«Химиялық технология және өндіріс» мамандықтарын 2023-2024 оқу жылына НОБД кестесінде қайта жабдықтауға көрсетілсе, қантар айында өткен мелекеттік аттестациялаудың өзін-өзі бағалаудың қорытынды анықтамасында да көрсетіліп, шешу жолдары ұсынылды. Енді шешу жолдары –ол, біріншіден мекемелердің өнірістік базаларын пайдалануға келісім-шарттарға отыру, екіншіден материалдық –техникалық базаны дамытуға арналған перспективалық жоспар бекітіп, мемлекетік сатып алу жоспарына еңгізілді.

8.2.ТЕХНИКАЛЫҚ ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ ЖҰМЫСТАРЫ

Студенттердің кәсіби шеберлігін шындауда колледжде 2023-2024 оқу жылына 8 мамандықтан 12 техникалық үйірмеге 133 студент тіркелген. Олар 14 арнайы пән оқытушылары мен оқыту шеберлеріне бекітілген. Барлық үйірме жұмыстарының мақсаты, міндеті, нәтижесі Worldskills Kazakhstan чемпионатының тапсырмалар ындағы 1-ші, 2-ші модулдеріне, зертханалық жұмыстарға және өнертапқыштыққа бағытталған.

№	Үйірме жетекшісі аты-жөні	Үйірме атауы	Студент саны
1	Асанова Нұрхат	«Компьютерлік техника»	12
2	Асанова Нұрхат	«WEB дизайн»	12
3	Шымырбекова А	«Жобалаушы»	14
4	Қамысбаев Ермек	«Автоматич. проектиров в среде строительства»	10
5	Жүзбаев Нариман Утепбаев Азамат	«Жас энергетик»	12
6	Әлжаппарова Ляззат	«Жас шебер»	8
7	Арынбаев Бауыржан	«Жас дәнекерлеуші»	10
8	Мамажанов Жасұлан	«Жас автослесарь»	10
9	Маселбеков Жеңіс	«Жас слесарь»	10
10	Тулендиева Макпал	«Тәтті тағамдар»	8
11	Байбекова Жанира	«Тәтті бауырсақ»	8
12	Боранбаев Талғат	«Жас электромонтаждаушы»	19
			133

Техникалық үйірме жұмыстарының нәтижесінде 25 қазан - «Республика күні» мерекесі қарсаңына жоспарланған көрме өткізілу күні ауыстырылып, 15 желтоқсанда «Тәуелсіздік күні» мерекесі қарсаңына

өткізілді. Бекіліген тапсырмада әр мамандық бойынша ұсынылған жұмыс оқу-зертханалық, тәжірибелік сабақтарға, колледждің мұражайлық, көрмелік және шаруашылық қорларын толықтыруға негізделуі тиіс болатын. Нәтижесінде зертханалық сабақтарға пайдалануға Т. Боранбаевтың жетекшілігімен ЭО 0713-21-96 тобының студенттерінің, шаруашылық бөліміне пайдалануға Ж. Мәселбектің жетекшілігімен 0716-21-96 тобының студенттерінің, Л. Әлжапбарованың СЗ 0732-21-96 тобының студенттерімен жасаған, жұмыстарын атап өтуге болады. Ал Ж. Мамажановтың 1201-20-96 тобының студентімен жасаған макетін, Б. Арынбаев пен С. Ерімбетовтің жетекшілігімен 1114-20-96 тобының студенттерімен жасаған макеттерін колледж мұражайына қоюға болады деп комиссия құрамы шешті. Ал Ж. Байбекованың 0508-20-96 тобының студенттерімен жасаған макеті толықтыруды қажет ететінін айтқым келеді.

Айта кететін жайт, Б. Арынбаев пен С. Ерімбетовтің студенттермен жасаған жұмыстарының көлемін үлкейту және түрлі бояулармен безендіріу арқылы колледж ауласының сәнін келтіруге, тіптен сол түрлі бағытта (ертегі кейіпкерлері, қазақ халқының киелі жан-жануарлары мен аң, құстарының) жасалған мүсіндермен студенттердің суретке түсулеріне жағдай жасауға болады деп есептеймін. Және көктем айларында қажет велосипед тұрағы, урна, гүл қоятындарды жаңа түрде ойластыру керек. Көрмеге тек оқыту шеберлерінің үйірме студенттері қатысты десек болады. 1305 1401 және 1405 мамандықтарынан арнайы пән оқытушылары, студенттері қатысқан жоқ. Қатысушы студенттер мен жетекшілеріне колледж әкімшілігі тарапынан тиісті дипломдар, Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар берілді. Оқу жылындағы 2-ші көрме 12 мамырда колледждің 60 жылдығы мерекесіне арналған облыстық ғылыми-практикалық семинар кезінде өткізіліп, үйірме жұмыстары жаңа макеттермен толықты..

8.3.«ЖАС МАМАН» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АЛЫНҒАН ҚОНДЫРҒЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

«Жас маман» жобасына қатысқан мамандықтар бойынша осы мерзімге алынған қондырғылар мен станоктардың, машина - механизмдердің тізіміне сәйкес, 0902.000 мамандығы бойынша - 12, 1201.000 мамандығы бойынша – 23, ал 1401.000 мамандығы бойынша 20 қондырғы күзiреттiлiк

орталықтарына орналастырылып, жауаптылары бекітілген. Құзіреттілік орталықтарының жауаптылары арқылы орталықтағы қондырғыларды қосу мен оқу процесінде пайдалану жолға қойылған. Алынған қондырғылар бойынша оқу және өндірістік оқыту тәжірибелері кезінде тәжірибе жетекшілері студенттерге қондырғыларды толық игеруге үйретіп ғана қоймай, өтіп жатқан тәжірибелерді арнайы видеоролик арқылы колледж чаты мен әлеуметтік желілерге салып оырды. Әсіресе, 1201 мамандығының арнайы пән оқытушылары мен оқыту шеберлерін атап өтуге болады. Сонымен қатар, «Worldskills» колледжішілік чемпионатын өткізу және өңірлік, Ұлттық чемпионаттарға дайындық пен 1201, 0902 мамандықтарының бітіруші курстары үшін Демонстраиялық емтихандар мен 0732 мамандығы үшін МБЕ құзіреттілік орталықтарында өткізілді.

Дегенмен колледждегі 10 мамандықтың ішінде 0715- «Слесарлық ісі», «Дәнекерлеу ісі» және 0711- «Химиялық технология және өндіріс» мамандықтарының материалдық-техникалық базасы толықтыруды қажет етеді. Шешу жолдары –ол, біріншіден мекемелердің өнірістік базаларын пайдалануға келісім-шарттарға отыру, екіншіден материалдық –техникалық базаны дамытуға арналған перспективалық жоспарға да, мемлекетік сатып алу жоспарына да еңгізіліп отыр

8.4. КОЛЛЕДЖІШІЛІК, ӨНІРЛІК ЧЕМПИОНАТТАР ӨТКІЗУ, ҚАТЫСУ.

Шеберханада студенттердің тәжірибелік білімін көрсететін «Worldskills» колледжішілік чемпионатын өткізу дәстүрлі жолға қойылған. Ал оған колледждегі 11 құзіреттіліктер бойынша студенттердің дайындығына Worldskills дағдыларын игеру мақсатында үйірме жұмыстарына арналған шеберханалар мен зертханалар жұмыс жасайды. «WorldSkills Jambul-2024» өңірлік чемпионатына колледжде өтетін құзіреттіліктер- «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» құзіреттілігі бойынша алғашында- 20, ал «Кескіндеме және әрлеу жұмыстары» құзіреттілігі бойынша алғашында-54түрлі шығын материалдары мен құрал-саймандарға. сұраныс беріліп, алынып, өңірлік чемпионат барысында пайдаланылды.

\

«Worldskills college-2023» және Worldskills Jambul- 2023» жетістіктері

2023 жылдың қараша айының 19-27 аралығында Астана қаласында өткен «Worldskills Kazakhstan» Ұлттық чемпионатына «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» күзіреттілігі бойынша қатысуға жолдама алған 1401-20-96 тобының студенті Жуасбек Мағжан және осы топтың студенті Антипова Полина «Әрлеу және декоративтік жұмыстар» күзіреттілігі бойынша қатысып, үздік 10-дың ішінен орын алып қайтты.

2024 жылдың 11 сәуір күні Қаратау құрылыс-техникалық колледжінде дәстүрлі «Worldskills college-2024» 6 күзіреттіліктен колледжішілік чемпионаты өтті. 29 қатысушыны мекемелерден шақырылған 6 Бас сарапшы, мен колледжден бекітілген 17 сарапшы қадағалады.

2024 жылдың мамыр айының 15-17 күндері аралығында өткен «WorldSkills Jambul-2024» өңірлік чемпионатына колледжден 5 күзіреттіліктен 9 студентіміз қатысып, «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» күзіреттілігі бойынша 1 орын -Жуасбек Мағжан, «Кескіндеме және әрлеу жұмыстары бойынша -1 орын - Антипова Полина, «Жеңіл автокөліктерді жөндеу, пайдалану және техникалық қызмет көрсету» күзіреттілігі бойынша 2 орын - Бозжігіт Алдияр және «Графикалық дизайн» күзіреттілігі бойынша 3 орын иеленіп - Бекен Динара иеленіп, «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» және «Кескіндеме және әрлеу жұмыстары бойынша -1 орын алған 2 қатысушыларымыз алдағы уақытта Астана қаласында өтетін «Worldskills Kazakhstan-2024» Ұлттық чемпионатына қатысатын болады.

8.5. ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Жалпы колледж бойынша 2023-2024 оқу жылының 1 семестрге 18 топта 7 оқу, 33 өндірістік оқыту, 6 кәсіптік, 17 өндірістік және 2 дипломалды, барлығы 65 оқу-өндірістік тәжірибесі колледждің №1 және №2 оқу корпустарында, ал өндірістік тәжірибесінен 8 мекемеден өтсе, 2 семестр бойынша 15 топта 13-өндірістік оқыту, 10 кәсіптік, 22 өндірістік және 2 дипломалды тәжірибелері өткізілді.

Дуальды оқыту технологиясымен 2023-24 оқу жылының басында 7 мамандықтың 10 біліктілігі бойынша оқып жатқан 280 студентпен 7 мекеме

арасында 3-жақты келісім-шарттар жасалып, облыстық кәсіпкерлер палатасымен тіркелген және оқу жылының ішінде студенттердің академиялық демалыс алуларына, денсаулықтарына, басқа оқу орнына, сырттай оқу бөліміне ауысуларына, бала күтіміне т.б жағдайларға байланысты студенттер саны 260-ға азайды. Жалпы дуальды оқыту бойынша пайыздық көрсеткіш 64 пайызды көрсетіп отыр, Сонымен қатар, мамандықтарына қарай мекемелерден 19 өндірістік тәлімгерлер бекітілген. Барлық келісім-шарттар дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары негізіндегі ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 21 қантардағы №50 бұйрығы негізінде жасалып, барлық талаптар осы бұйрық негізінде орындалады.

Кәсіптік тәжірибеге келетін болсақ, жалпы колледж бойынша оқу процесінің кестесіне сәйкес барлық өндірістік, технологиялық, дипломалды іс-тәжірибелерін сапалы өткізу мақсатында оңтүстік өңірдегі 30-дан аса, яғни, 2- АҚ, 14- ЖШС, 4-КММ, 12-ЖК, арасында үш жақты келісім-шарттар жасалған. барлық тәжірибелер «Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі» мен «Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік есеп» және жолдама ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 29 қантардағы №107 бұйрығының 1-ші, 2-ші, 3-ші қосымшаларында көрсетілген үлгілік талаптар негізінде жүргізіледі.


Колледждің оқу процесінің графигіне» сәйкес 2023-24 оқу жылының 1-ші және 2-ші семестрлерінде жоспарланған «өндірістік» және «технологиялық» тәжірибелерінің «Қорытынды есептері 16 қантар 2024 жыл №12 бұйрық негізінде зерделеу комиссиясымен 12 бағыт бойынша тексерілді Тексеру барысында 1 семестрде 25 тәжірибенің, 2-ші семестрде 34 тәжірибенің тәжірибеден өту жөніндегі мекемеден жетекшінің бекітілгені жөнінде бұйрықтың шығарылғаны, «Бағыт-бағдар беру», «Қорытынды есеп» хаттамалары толтырылғаны, тәжірибе жетекшісінің күнделіктерінің жүргізілуі, Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар кестесі мен бекітілуі, кәсіптік практикадан өту туралы күнделік – есептері бекітілгені, толтырылғаны, есепте, күнделікте тиісті қолдардың қойылғаны, тиісті мөрлердің басылғаны, тәжірибе барысында түскен видеороликтердің «Қорытынды есепті қорғауда пайдаланылғаны, түскен фотолар есепте көрсетілгені тексерілді.

